



№67 (519)  
20 сәуір  
сәрсенбі  
2011 жыл

# Алаш айнасы



ДАТ!

Несіпбек АЙТҰЛЫ:

## Дінге мемлекет қызмет етпеуі керек, дін мемлекетке қызмет етуі тиіс

Несілбек АЙТҰЛЫ, ақын, Сәкен Сейфуллин атындағы музейдің директоры

- Алматыдан Астанага ат жасалын тартып келгендергі мақсат елордадағы зиялы қауыммен Тәуелсіздік туралы әңгімелесу еді. Зиялы қауымның бірі өзіңіз. Азаттықтың ақ таңын араласа жүріп, Қазақ елімен бірге атырдыңыз. Көп нарсені көзбен көрдіңіз, көңілде жетеді деген ойдамын.
- Бабаларымыздың Тәуелсіздік үшін қаншама ғасырлар бойы қан төккені белгілі. XX ғасыр қазақ халқы үшін өте ауыр кезең болды. Осы ғасырдан қазақ қанға малишынып шықты. 16-жылғы патшаға қарсы жер-жердегі ұлт-азаттық көтеріліс қазақты ойран-топыр қылды. 30-жылдар-дың маңайындағы ашаршылық, «кәмпес-келеу» қазақтың қазанын төңкеріп кетті. Елдің қаймағы шайқалып, жан-жаққа бости. Байлардың, тектілердің көзін құртты. Одан қалғандары Қытай асты, Қырым қашты, аштыққа ұрынды. Адам нанғысыз геноцид – 37-жылғы репрессия кезінде Алаш арыстарынан айырылдық. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Сұм соғыс 16 мен 40-тың арасындағы нағыз ұрпак беретін, бүкіл бір буынды жалмап кетті ғой. Кешегі Дулат пен Бұқардай мұның барлығын айттып, зарлап қоя берсең, адамның сай-сүйегі сырқырайды. Бұл – революциялық төңкерістің кесірінен келген саяси нәубет. Өткен ғасырды тек жамандай беруге болmas. Біз кеңес өкіметі кезінде қалыптастық, қолымызға қалам алдық. Сол тұстар да қазақ халқы жақсылықтарға, игіліктерге қол жеткізді де. Ғылым дамыды. Әдебиет өркенdedі, әсіреле 70-80-жылдары, тіпті 60-тан да алуға болады. Әдебиет биікке көтерілді. Қабырғалы қаламгерлер шықты. М.Мағауин, Ә.Кекілбаев, С.Мұратбеков, Д.Исабеков, Б. Нұржекеев, Т. Әбдіков, Қ. Жұмаділов т.б. болып, бұл тізім кете береді, марқұм О. Бекей, Ә.Сараев, ақындарымыз Тұманбай, Қадыр, Сағи, Жұмекен, Мұқағалилар бұркыратты, Айбергеновтер, одан кейін қаншама таланттар келді. Қазіргі біздер де сол 70-жылдардағы әдебиетте бармыз. Бұл кез – әдебиеттің керемет өркен деген тұсы. Халық саны да жаман болған жоқ. Қазақ мал шаруашылығында болды. Қебі мал бақты. Брежнев заманында халықтың қарны тоқ болды. Әр үйден 10 шақты, кемі 7-8 қарадомалақ баладан өріп шығып жатты. Бүгінгі кемелденуімізге, халық болып қалыптасуымызға сол ұрпақтың үлкен әсері бар деп ойлаймын. Құрылыстар салынды, қалалар ірілendі. Ғылымның әр саласын игерген мамандар өсіп шықты. Өркендеуге, ғылыми тұрғыдан дамуға, жалпыхалықтық игіліктерге бұл кезеңнің де өзіндік жақсы жақтары барын жоққа шығара алмаймыз. Әйтседе бодандықтың аты – бодандық. Біз рухани тұсауда болдық. Қарапайым халықты кеңес кезеңіндегі «сендердің аталарың оқымаған надан еді, біз көздерінді аштық, теңдікке жеттіңдер» дегендей идеологияға сендерді. Халықтың «аш құлақтан тыныш құлақ артық» деп, жегеніне, кигеніне мәз болып, бас амандығын ойлаған кездерінің болғаны да рас. Рухани ортамыз, кешегі Алаш арыстары Ахмет, Мағжан, Міржақыптар кетіп қалғанмен, солардың идеясы әркімнің көкейінде жүрді. Әттен, ашып айта алмады. Бірақ

алыптардың, арыстардың аттарын сыйырлап айтып, шығармаларын қолдан-қолға өткізіп, тығып жүріп, ұрлап оқыдық. Олардың аңсары әркімнің кекірегінде жүрді. Кезінде Қарағандыда ЕСЕП партиясы деген болған. «Елін сүйген ерлер партиясы». Бұл партия ұсталған. Қөшшілік біледі. ЕСЕП-тің құрамында болған Бүркіт Ысқақов есімді ақын ағамыз Мағжанның өлеңдерін оқығаны үшін сотталған еді. Қазір Шет ауданында тұратын жазушы Кемел Жұнісов есімді азамат бар, ол да сотталып келді. Соның жас шәкірттерінің ішінде белсенділердің бірі, марқұм Ақселеу ағаларың, оның ар жағында Әлімхан Ермеков секілді қөптеген азаматтар тұр. Сол азаматтардың есімдерін біз сыйырлап болса да айтып жүрдік. Осының арқасында әсіресе әдебиеттің, таланттылардың ортасында мұндай алтын арқау үзілген жоқ. Айталық, 70-жылдары студент болып енді келе бастаған кезде Мәскеуде Мұрат Әуезов, Совет қезы Ақатаев бастаған «Жас тұлпар» ұйымының тәуелсіздікке талпынысы үлкен шу тудырды. Қонаевтың арқасында жастар аман қалды. Кейін біз де еліктеп, 1969 жылы ҚҰҚ деген ұйым құрдық. ҚҰҚ дегеніміз – қазақ ұлтын қорғау. «Толқын» деген қолжазба мәшинкеге басылды, журнал да шығардық. Бүгінгі таңда ашып айта берсек болады. Оның құрамында Тұрсын Жұртбай, Есен Сафуанов деген азаматтар болды. Жанболат Аюпбаев, Мұратхан Қаниев деген азамат бізben бірге оқыған, қазір қайда жүргенін білмеймін. 7-8 жігіт болып, осындай ұйым құрған едік. Тәуелсіздік аспаннан түскен жоқ. Бұл – үлкен күрестердің жемісі. Ұлт үшін, ел үшін Тәуелсіздіктен артық бақыт жоқ. Рас, Тәуелсіздік алған бастапқы жылдары қыншылық көп болды. Ауылдағылар қала жакқа үдерे көшті. Колхоз, совхоздар тарап жатты. Жұрт жеке кәсіпкерлікке көшіп, шаруашылықтар аша бастады. «Ойбай, бұл дұрыс емес» деп байбалам салғандар да болды. Бірақ осының бері де, меніңше, дұрыс еді. Сол уақытта да айтқанмын, мақала жазғанмын. Елбасының сол кездегі осы бір қадамының астарында керемет стратегиялық саясат бар еді. Себебі кеңес өкіметінің тұсында көптеген совхоздар ашып, мал шаруашылығын дамыту деген сұлтаумен қазақтарды сузыз, шөлейтті жерлерге итермеледі. 20-30-жылдардағы колективтіруден бері қарай сай-сайда өз бетімен мал бағып жүрген қазақтарды бір жерге тоғыстыру керек болды. Енді социалистік қоғаммен капиталистік қоғам ауысқан кезде басқа жүйе қалыптастыру үшін экономикалық көзқарас қажет болды. Бұл жүйе бойынша кеңестің құрған дүниелерін қайта шашыратып, шаруа қожалықтарын ашуға тұра келді. Бұрынғы колхоз-совхоздардың жаңа Қазақ мемлекеті үшін маңызы болған жоқ. Әлемдік өркениетке талпыну қажеттілігі туындей бастады. Алдыңғы қатарлы Жапония, Қытай сынды елдер жайлауда жал-жая жеп, жайбарақат отырған жоқ қой. Біз қалаға көшпей, қазақ өзінің шаһарларына ие болмай, жаңа мемлекет құру мүмкін емес. Ол кезде «мемлекет болашағы үшін сен қалаға көш» дейтін болсан, оны түсінбес еді. Сол үшін де бір шашыратып жіберіп, халықты бір ширатып, сыннан өткізіп алу керек болды. Елбасының осы саясаты өзіндік жемісін берді. Елорданың Астанаға көшуі де – соның бір дәлелі. Кезін де Алматыдан Ақмолаға астананы көшіруге ел ағаларының, зиялы қауымның қөшшілігі қарсы болған. Сондағы Елбасының бұл қадамы –

ұлкен ерлік. Менің Астананы, «Бәйтеректі» жырлайтыным: мен жаңтәніммен Астананың болашағына сендім. Елбасының осынау ерліктері Тәуелсіздіктің 20 жылдығында айтылуы тиіс деп ойлаймын.

— *Бүгінгі поэзия кешегі өткенімізді, Тәуелсіздіктің жақсылығын көрсетіп, иғлігін халыққа жеткізе алып жүр ме?*

— Бұрынғы кеңес заманында Жазушылар одағы, Суретшілер одағы, Ұлттық Ғылым академиясы т.т., жалпы, қоғамдық үйымдардың барлығы мемлекет тарапынан қаржыландыры латын. Бұл алынып тасталды. Осыдан кейін өнер, шығармашылық адамдары қындыққа тап болды. Кеңес өкіметі өзінің идеологиясын жүргізу үшін әдебиетті, өнерді қатты пайдаланды. Ал жаңа Қазақ мемлекеті орнай бастағанда жұрт абырап қалды. Жас таланттарымыздың барлығы базар жағалап кетті. Әдебиеттен көбі үміт үзе бастады. Осы қыншылыққа шыдай алғандарығана әдебиетте қалды. Осының арқасында әдебиетте жүрген жолбикелердің бәрінен арылып, нағыз қаламгерлер тобы сұрыпталып шыға келді. Әйтсе де ауыртпалықтардың тезінен кейбір нағыз таланттар да сөніп кетуі мүмкін. «Көсеудің екі жағы бірдей ыстық» дегендей мәселе. Сондықтан Тәуелсіздікті біздің ақындарымыз жырлаудай-ақ жырлап жатыр. Кешегі Т.Әбдірахмановалар, М.Әлімбаевтар, Хамандар т.б.

қаламгерлер Тәуелсіздікті жаңа леппен жырлады. Тұрмыстық қыншылықтарға байланысты кейбір ақындардың көлеңкелі жактарды да жырға қосып жатқандары бар. Олардың жазғандарында шындық та жатуы мүмкін. Шындығында, Тәуелсіздікті біреу түсінді, біреу түсінбеді. Кейде журналистер зиялды азаматтарды кінәлап, «халықтың сөзін сөйлемеді» деп жататыны бар. Ежелден халқым дейтін әдебиетшілер әлі күнге халқының жырын жырлап, жоғын жоқтап келеді. Сол себепті қаламгерлердің не жазып жатқандығын білу үшін шығармаларына үңілу керек. Тәуелсіз елдің жаңа әдебиет тарихы жасалып жатыр деп ойлаймын.

— *Халық пен зиялды қауымның ортасында, сіздің ойыңызша, байланыс бар ма?*

— Халық пен зиялды қауымның арасында байланыс бар. Халықпен байланыс болмаса, шығармалар қайdan туады?! Бәрі бүгіннен басталмайды, тарихты жазу үшін кешегі күндерге барамыз. Аты аталмай қалған ұлыларымыздың, бабаларымыздың, батырларымыздың есімі егемендіктің арқасында қайта жаңғырды. Қабанбайлар, Бөгенбайлар, Абылайлардың ерлігі Отанды сүюге, жастарды тәрбиелеуге үлес қосып жатыр. Осылардың барлығы халықпен байланыстың нәтижесі деп білемін. Зиялды қауым мен халықтың арасы алшақтап кетті дегенді әдебиетке жаны ашымайтындар ғана айтады. Бір мәселенің мәнісін ашып алу керек. Кешегі Тәуелсіздік алғанға дейінгі күрес пен бүгінгі күрес – екеуі екі түрлі құбылыс. Біз кеше азаттық үшін күрестік. Кешегі өткен арыстарымыз азаттық үшін басын тікті, құрбан болды. Олар осы бүгінгі Тәуелсіздік үшін жанпидалық жасады. Ал енді бүгінгі кей азаматтар «неге зиялды қауым ел үшін жанын бермейді?» деп сөгетіні бар. Тәуелсіздікке қол жеткіздік қой! Енді қандай құрбандыққа барамыз?!

— *Кешегі XX ғасырдың басында әдебиетке келген алыптар: С.Мұқанов, М. Әуезов, Г. Мүсірепов, Г. Мұстафин т. б. жазушыларды ел танитын еді, құрметтейтін еді. Солардың сөзі сөз еді... Бүгінгі қаламгерлерде*

*ондай бедел жоқ сияқты...*

— Олардың заманы керемет болатын. Ол заманда қазақ тілінде оқитын ұрпақ бар еді. Бүгінгідей теледидар, ғаламтордың жоқ заманы. Жұрттың бәрі кітап арқылы қанаттанып, кітап арқылы рухани сабак алатын. Ол кезде қазақ тілінде сөйлейтіндер саны 70-80% болатын. Одан бері 70-80 жыл өтті. Қазір қазақтың тең жартысы өз ана тілінде сөйлей алмайды. Қазір кітап оқитын оқырман аз. Мұхан, Сәбен, Ғабендер дің аруағы кешірсін, бүгінгі жазушылар олардан ешбір кем емес. Қазіргі таңда елімізде әлемдік деңгейді қамтитын қаламгерлер бар. Тағы бір айтарлық мәселе – қазір кітап тарату жағы қыын. Кезінде 300 мыңмен шығатын «Жұлдыз» журналы бүгінгі күні 3 мың данадан аспайды. Осындай-осындай әсер етер себептер көп. Екіншіден, көпшіліктің көңіліне тимесін, жазушылардан халықтың сауаты төмен.

— *Елдің сауатын ашып, санасын ояту қаламгерлердің міндеті емес не?*

— Қазақ айтысының өзі – керемет нәрсе. Оны Ж.Ерман жаңа заманға сай көтерді. Ол айтыс бізге керек. Бірақ қазіргі күні ауылдағылар айтыстан басқа поэзия бар деп ойламайды. Айтыс пен жазба поэзияның арасындағы көркемдіктің айырмашылығы жер мен көктей. Міне, халықтың талғамына қатысты бір ғана мысал. Мен бұл тұста айтысты төмендетіп сөйлеп тұрғаным жоқ, сұрыпсалма өнерді қолдаушылардың бірімін. Айналып келгенде, бәрі де мемлекеттік тілге келіп тіреледі. Мемлекеттік тілді жаппай қолданатын болсақ, көп мәселенің шешімін табар едік.

— *Кешегідей қос Ғабен, Сәбен, Мұхаңдардан да мықты жазушылар бар деп жаңа бір сөзіңізде айтып қалдыңыз. Осылай салыстырғанымыз жөн бе? Әр түрліндең өзіндік орны бар емес не?..*

— Біреуді біреумен салыстырып, біреуді біреуден мықты деп отырған жоқпын. Мен әдебиеттің деңгейін айтып отырмын. Сол кездегі әдебиеттен гөрі қазіргі әдебиеттің деңгейі биік. Соны оқып, зерделей білу керек. Содан кейін қазір әдебиетті насиҳаттау азайып кетті. Бізде сыншылар жоқ және сын қабылдай алмаймыз. Бір сын айтылса, шоқпарымызды ала жүгіреміз. Екіншіден, әдебиетте, мәдениетте қаржыландыру мәселесі жүйелі болғаны қажет. Шығармашылық адамдарын мемлекет өз қамқорлығынан шығармауы қажет еді. Қалай да бір формасын тауып, қаламгерлерге көмектесу керек-ак. Әрине, қазір бірен-сарап мемлекеттік сыйлықтар ұсынылып жатыр ғой, десе де бірқалыпты демеушілік мәселесі болмағаннан кейін, көбісі күн көрістің қамымен кетіп қалды.

— *Қазір мұшақтарлар өтіп жатады. Бұған көзқарасының қандай?*

— Қазір ұрда-жық, бейпіл сөзді сындар қаптап кетті. Нағыз сарабдал сыншылар жоқ кезде көлдененен қосылып жатқандар бар және құлаш-құлаш бұрынғыдай цензура жоқ, адамның жеке басының намысына тиеді. Бұл – барып тұрған надандық, бұл әдебиетке де, журналистикаға да, елге де ешбір абырай әпермейді.

— *Ал енді бұдан қалай құтыламыз?*

— Оларменен тартысып, таласып жатудың қажеті жоқ. Газеттің басында отырған азаматтардың мәдени, әдеби деңгейі жоғары болуы керек.

Көрінген оттағанның сөзін баса бермеуі керек. «Ит қапты деп, мен де қапсам, аузым не болады?» дейтін М. Әуезовтің сөзі бар. Осы айтқандай, «Ит үреді, керуен көшеді». Кешегі күні Құлагердіде қазақ өзі ұрып өлтірген... Ал мүшәйрада лайықты, озық шығармаларға бәйге беріліп жатыр деп ойлаймын. Мәселен, осы жылы Ж. Ерман, Ұ.Есдәulet, С. Ақсұнқарұлы үлкен мүшәйралардан бас жүлдені жеңіп алды. Бұл ақындар – бүгінгі әдебиеттің классиктері. Демек, олар бас жүлде алуға лайықты.

– *Жастар поэзиясына не айтасыз? Жалпы, жастар шығармашылығын оқисыз ба?*

– Жастарды оқып тұрамын. Жастар аз, бірақ олардың поэзиясы – тегеурінді поэзия. Қазақы қою тілден, қара өлеңнің сөз саптасынан көп жастарымыз айырылып қалды. Дегенмен қазіргі күні көзіме түскен жастарды оқып жүрмін. Әсіресе Монғолиядан, Қытайдан келген жас ақындардың тілдері мені қуантады. Себебі әлі қаймағы бұзылмаған топ келе жатқандығын байқаймын.

– *Ал қарапайым халықтың тілі туралы не айтасыз?*

– Кешегі дегдар ақсақалдар азайып кетті. Біздің тұсымында сонау қонеден қалған, Абайдың көзін көрген немесе соларды көрген ақсақалдар болушы еді. Олар елдің арғы-бергі әңгімесін, шешендік сөздерді судай ағызып отыратын. «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген бар. Баяғы біз көрген әжелер мен аталар жоқ. Бұның бәрі – заманның зардабы. Құдайға шүкір, онтүстік өңірлердегі, Шығыс Қазақстан мен батыс аймақтардағы халқымыздың тілі жақсы сақталған. Ал солтүстіктің жағдайын біліп отырсыздар. Соның өзінде ол аймақтан да жақсы ақындар шығып жатыр ғой. Мәселен, қалың көк мұздың арасынан маздаған шоктай болып Ақылбек Шаяхметов жур. Сондықтан бәрі де уақытқа байланысты.

– *Біздің басты міндеттіміз – ұлттық негізден ақырамау, қазақылықты қалыптастыру. Кешегі кеңес үкіметінің зардабы бүгінгі біздің тіліміздің осындаи бір ауыртпалығына себепкер ғой...*

– Тілге де, рухани психологияға да, әдебиет пен мәдениетке де, салт-дәстүрімізге де зардабы қатты тиді. Кешегі қазақ пен бүгінгі қазақ екі түрлі. Тек қана кешегіні қалыптастырамыз деп отыра беру жарамас. Мәселен, 1000 жыл бұрынғы діннің қағидаларын бүгінгі күнге әкеліп тықпалай беруге болмайды ғой. Бүгін – жаңа заман. Әлем алға кетіп барады. Ғылым даму үстінде. Ал біз сонда кешегі күнгі қазақы үйімізді аңсан отыра беруіміз керек пе?! Жоқ! Заманға сай әрекет етуіміз керек. Сыртымыз заманға сай түрленіп отырғанымен, өзегімізді өзгертуіміз керек. Қазіргі дамыған өркениеттен қалыспай, жастарымыз білімді болып ержеткені дұрыс. Бірақ өзінің тілін білуі керек. Өзінің тілінен айырылса, ол бәрінен айырылады.

– *2020 жылға дейінгі тіл туралы бағдарлама қабылданды. Сол жылға жеткенде барлық іс-қазаздар тек қазақ тілінде жүргізілуі тиіс деген талап бар. Ал, сіздің ойыңызша, 2020 жылға дейін бүкіл ел қазақша сөйлеп кете ала ма?*

– 2020 жылға дейін баршамыз қазақ тілінде сөйлеп кетеміз дегенге мен өз басым сенбеймін.

– Неге?

– Біз көп айғайдан гөрі нақты іске көшейік. Мысалы, Астанада былтыр 50 шақты ғана балабақша бар еді, биыл, ес туімше, 83 болған еken. Қала әкімі И. Тасмағамбетов балабақшаны түгелдей қазақшаға көшірді. Ешбір айғайсыз жасалған әрекет. Әрбір қазақ, әрбір басшы осылай нақты жұмыс жасауы керек. Тіл бесіктен, анасының құрсағынан бастап қалыптасады. Бастауыш сыйыпқа дейін тілі қазақша шықпаған бала одан кейін мемлекеттік тілді жанжақты менгеріп кете алмайды. Биліктің тілі қазақша болмай, мемлекеттің тілі қазақыланбайды.

– Несага, бүгінгі өзекті мәселенің бірі дін болып тұр. Дінге деген көзқа расыңыз қандай?

– Діншіл адам емеспін. Мұсылманмын, Мұхаммедтің ұмбетімін. Менің билетінім, бала кезден қалыптасқан өзіміздің қазақы ата дініміз. Бір Аллаға сиына отырып, ата-анаңды сыйлап, әкең өлсе, оның асын беретінсің. Алдымен, Алла, одан соң, аруақ деп отыратынбыз. Ал енді қазір «ата-ба-баны, өткенінді аузыңа алма, домбыранды тартпа» деген әңгімелер шығып жатыр. Осы менің ішіме қонбайды. Қазақ халқы ғасырлар бойы өзіндік дәстүрімен дінін алып жүрді ғой. Құранның өзінде «Дін халықтың дәстүрі мен салтына қайшы келмеуі керек» деп жазылған еken. Қазір неше түрлі ағымдар шығып кетті. Соның бәрі елімізге, жерімізге іріткі салуға ынталы саяси сыртқы құштер деп ойлаймын. Мұсылманшылық дегеннің өзі – кішіпейілділік пен кісліктің діні. Шешелеріміз «өтіп бара жатқан құмырсқаны өлтірме, бей-берекет шөп жұлма» деуші еді. Бізде кез келген тіршілік иесіне зиян тигізу әдет-ғұрпымызда жоқ. Ал бірін-бірі қан жоса қып қырып, «біз мұсылманбыз» деп жатқан ұлттар да қазақты исламға шақырғысы келеді. Олар несін үлгі етеді? Ал біздің салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызда исламға қайшы келетін тұстар кездеспейді, керісінше, қабысып кеткен. Діндар адам болмасам да, ата-бабамыздың бізге нұсқаған діні – біздің жол. Дінге мемлекет қызмет етпеуі керек, дін мемлекетке қызмет етуі тиіс.

– Дінге байланысты мемлекет таратынан өзгерістер енді. Бұған көзқарасыңыз қандай?

– Мен, ең алдымен, діннің емес, мемлекеттің мұддесін ойлайтын қазақпын. Қазір діннің проблемасынан гөрі мемлекеттің проблемасын, тіл мәселесін шешуіміз керек. Халықтың демографиялық мәселесін қарастыру керек. Халық көбеймей, байтақ жерімізде нық тұра алмаймыз. Сол үшін бізге батыр үрпақ керек және олардың саны көп болуы қажет. Жалғызбасты аналардың, ауылдағы көпбалалы аналардың, денсаулығы нашар балалардың жағдайын, жалпы, үрпақтың жағдайын ойлау керек.

– Бүгінгі ұлттың потенциалы туралы не айтасыз?

– Біздің қазақ халқы – өте күшті халық. Тектіміз. Осыншама кең даланы, байтақ жерді ұстап отырмыз. Әуелгі Тәуелсіздік алған жылдары мен іштей аласапыран болып, содан кемінде жарты миллион қазақ шығын болатын шығар деп ойлайтынмын. Тәубе, біз ол күндерден аман өттік. Сауда-саттық, құрылыш, түрлі техниканың тілін қазақ қабілетінің арқасында тез менгерді.

Бұл – тектілігінің, қан тазалығының жемісі. Жасыратыны жоқ, жұмыссыз жүрген қазақтар аз емес. Жастардың баспаналы болуын қарастырсақ, жарап еді. Анда-мында кетіп жатқан қаражаттың көзін пайдалы істерге бұру керек. Сондай түйткілдер шешілген жағдайда еліміздің болашағы, Тәуелсіздігі баянды болмақ. Санан дұрыс болмаса, ертең ешқандай сапаң да болмайды. Құдайға шүкір, ел Тәуелсіздігіне 20 жыл толды. Мен сарыуайымшыл қазақ емеспін. Ертеңгі күннің шуағы үшін куресу керек. Өмір бар жерде әрқашан курес бар. Кемшілікті кеңесе отырып шешу керек. «Кеңесіп пішken тон келте болмайды». Билік пенен оппозиция ымыраға келуі керек. Екеуінің де ойлағаны – халықтың қамы. Ондаған жылдың өзінде көптеген шаруда жүзеге асты. Шекара анықталды. Қазақтың аты жер әлемге танылды. Астана салынды. Әрбір азаматтың ұлтжанды, патриот, елшіл болуын тілеймін.

– *Несага, енді Тәуелсіздік тақырыбындағы өлеңіңіз сұхбатымыздың түйіні болсын.*

– Былтыр «Арқатірек» деген кітабым шыққан. Негізінен, поэмалар. Осы кітаптан 5-6 шумақ үзінді оқып берейін.

Басынан көне тарих төмен құлдан,  
Тағдырын туған елдің келем жырлап,  
Өзегім талып жеткен Тәуелсіздік,  
Өмірде не бар екен сенен қымбат?!

Құбылып соққан желдей заман неше,  
Қан кешті толарсақтан бабам кеше.  
Күн емес – бодандықта көрген күнің  
Төбемнен алтын құйсын, маған десе.  
Азапты бірге тартып, қалың елмен,  
Ah ұрып атамекен тебірентен.  
Көк туды көкке байлап, желбіреген  
Қазақтың арманы жоқ, көріп өлген.  
Жарқырап атқан таңым, азаттығым,  
Танылды шартарапқа қазақтығым.  
Өз жерім, өз Отаным, өз Астанам,  
Қарашы, бостандықтың ғажаптығын.  
Болмасаң азаттығым – арқатірек,  
Жүректің шерін қашан тарқатып ек?!

Адасып, көштен қалған күшіктең боп,  
Бұлкілдеп боз далада жортатын ек.  
Өткенді екшемесе, тек демесе,  
Қайтар ма, өздігінен кеткен есе?!

Қара орман, қалың елім жайқалар ма?!

Өртеңнің орны қаулап көктемесе.  
Құлпырып Елорданың қос қапталы,  
Биікке «Бәйтерегім» асқақтады.  
Басына бақыт құсы қонған елдің,  
Білінбес табанына тас батқаны.

Қызыл тіл құдай берген қолқанатым,  
Кезім ғой түптен тартып толғанатын.  
Бәлкім, мен бостандықты жырлау үшін,  
Болармын мұңын елдің терген ақын.

Бәрекелді, Несаға, рақмет!

– Тәуелсіздігіміз баянды болсын!

– Әумін!

Несіпбек АЙТҰЛЫ,

акын, Сәкен Сейфуллин атындағы музейдің директоры:

[www.alashainasy.kz](http://www.alashainasy.kz)